

الْعَيْنُ حَقُّ

Көз тию – шындық

Көз тию және оның себептері мен алдын алу

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда Юсуф пайғамбардың оқиғасын баяндап, Юуфтың әкесі – Яғқуб пайғамбардың Мысырға аттанғалы жатқан ұлдарына насихат айтып, былай дегенін келтірген:

وَقَالَ يَا بَنِيَّ لَا تَدْخُلُوا مِنْ بَابٍ وَاحِدٍ وَادْخُلُوا مِنْ أَبْوَابٍ مُتَفَرِّقَةٍ ۖ وَمَا أُغْنِي عَنْكُمْ مِنَ اللَّهِ مِنْ شَيْءٍ ۚ إِنَّ الْحَكْمَ إِلَّا لِلَّهِ ۚ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ ۚ وَعَلَيْهِ فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُتَوَكِّلُونَ

«Әй балаларым! (Қалаға) бір қақпадан кірмей бөлек-бөлек қақпалардан кіріңдер. Мен сендерден Аллаһтың (қалауына) қарсы еш нәрсеге көмектесе алмаймын. Үкім тек Аллаһқа ғана тән. Мен жалғыз Оған тәуекел еттім. Әрі тәуекел етушілер Оған ғана тәуекел етсін»

(«Юсуф» сүресі, 67-аят).

Ибн Касир бұл аяттың түсіндірмесін бере отырып, Яғқуб (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз ұлдарын бауырлары Биньяминмен бірге Мысырға жіберіп, олардың барлығын бір қақпадан емес, әр түрлі қақпалардан кіруді бұйырды, өйткені ол ұлдарына адамдардың көздері тиіп зиян келтіруінен қорықты, өйткені олар көрікті және көзді тартар ағайынды бауырлар болатын.

«Әл-Қаләм» сүресінде Аллаһ Тағала Өзінің құлы мен елшісі Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

وَإِنْ يَكَادُ الَّذِينَ كَفَرُوا لَيُزْلِقُونَكَ بِأَبْصَارِهِمْ لَمَّا سَمِعُوا الذِّكْرَ

«Расында кәпірлер Зікірді (яғни Құранды) тыңдаған сәтте, сені өздерінің көздерімен тайдыра жаздайды»

(«әл-Қаләм» сүресі, 51-аят).

Бұл аятта көпқұдайшыл-мүшриктердің Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген қатты өшпенділігі мен көреалмаушылықтарының салдарынан оған өз көздерімен зиян тигізе жаздағаны жайлы айтылған, бірақ Аллаһ Тағала Өзінің елшісін олардан қорғады.

Сондай-ақ Жаратушымыз Құранда былай деген:

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ

مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ

وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ

وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ

وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ

««Таңның Раббысына оның жаратқан нәрселерінің кесірінен. Қараңғылық басқан сәтте, түннің кесірінен. Түйіншектерге дем салушы (сиқыршылардың) кесірінен. Күншілдің күндеген сәттегі кесірінен сиыныман», - де».

(«әл-Фаләк» сүресі, 1-5 – аяттар).

Яғни, Аллаһ Тағала бұл сүреде бізге зиянын тигізгісі келетін күншіл адамдардан, соның ішінде өз көздерімен де зиян тигізетін адамдардан Оған сиынып, қорғаныш сұрауды бұйырады.

Жоғарыдағы аяттардың барлығы да көз тиюдің ақиқат екенін көрсетеді. Бұл туралы Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисінде де айтылған. Мұны сіз және бізбен орын алған өмірлік тәжірибеміз де көрсетеді: адамдарға көз тию жағдайлары жайлы және оның нашар салдары туралы қаншалықты көп көруге және естуге болады. Адамдар өздеріне және өз жақындарымен не болып жатқанының себебін кейде біліп, ал кейде білмей де жатады. Біреудің жаман көзінен қаншама адам өліп, қаншама сау-сәлемет жүрген адамдар төсек тартып қалады, бірақ олардың ауруының себебін ешкім түсіне алмайды.

Имам әл-Бухари мен имам Муслимнің сенімді хадистер жинақтарында Абу Хурайраның бір хадисі келтіріледі. Онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

الْعَيْنُ حَقٌّ

«Көз тию – ақиқат»

(хадисті әл-Бухари, 5740 және Муслим, 2187 жеткізген).

Яғни адамның жаман көзге ұшырауы мүмкін екені күмәнсіз, оның бар екендігіні Құран аяттары мен пайғамбарлық хадистермен, сонымен қатар бізді қоршаған әлемде болып жатқан оқиғалармен расталады. Көз тию қаншама адамды көрге әкелді әрі қаншама адамдардың мал-мүлкі мен денсаулығына зиян келтірді десеңізші. Бірақ бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһтың қалауы болмаса,

адамға еш нәрсе зиян тигізе алмайды. Сондықтан көзден және кез-келген зияннан қорғану мен құтқаруды тек Одан ғана іздеу қажет.

Көз тиюді ойдан шығарылған, әшейін бір ырымшылдық деп атайтын діннен хабары шамалы-ақ болған, шындықты білмейтін адамдар бар. Мұндай сөздерді айтатындар бұл мәселеден мүлдем бейхабар және адам жанының табиғаты мен қасиеттерін, олардың бір-біріне ықпалын түсінбейді. Бұл құбылыстың бар екендігіне барлық халықтардың парасатты адамдары келіседі, бірақ олар оның қалай пайда болатыны және оның механизмі қандай екендігі жайлы пікірлері өзара ұйқаспай жатады.

Көз тию жаман көздің иесі басқа адамды кездестіріп, оған тігіле қараған сәтте орын алады. Аллаһ Тағала орнатқан тетіктер арқылы бұл назарлар адамның тәніне, жанына немесе мал-мүлкіне кері әсер етеді.

Көз екі себептен тиюі мүмкін.

Біріншіден, ол жаман көз иесі болған адамның қатты дұшпандығынан, көреалмаушылығынан немесе жек көрушілігінен орын алады.

Екіншіден, біреуге немесе бір нәрсеге қатты сүйсініп қарағанда орын алады.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

الْعَيْنُ حَقٌّ وَلَوْ كَانَ شَيْءٌ سَابِقَ الْقَدَرِ سَبَقَتْهُ الْعَيْنُ

«Көз тию – ақиқат, егер бірдеңе тағдырдан оза алатын болғанда, онда ол көз тию болар еді»

(хадисті Муслим, 2188 келтірген).

Бұл хадис жаман көздің өте жылдам әсер етіп, адамға қарыштап тиетінін көрсетеді.

Имам әл-Баззардың хадистер жинағында Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген хадисі келтіріледі:

أَكْثَرُ مَنْ يَمُوتُ مِنْ أُمَّتِي بَعْدَ قَضَاءِ اللَّهِ وَقَدَرِهِ بِالْعَيْنِ

«Менің үмметімдегі өлімдердің көп бөлігі Аллаһтың тағдыры және бекітуімен жаман көз тиюден болады»

(хадисті әт-Таялиси, 1760; әл-Бухари «Әт-тарих әл-кабир», 3144 келтірген. Әл-Әлбани «Сахих әл-жамиғи әс-сағир» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 1206).

Кейбір адамдар бұл туралы естігенде қатты таң қалады, бірақ, бұл шынымен де солай. Аллаһ Тағала пендеге қандай да бір дүние-мүлік беріп, сосын біреудің нәпсісі оны көре алмай қызғанып, осы дүние-мүлікке жүрегі байланып, содан көз тию орын алып, соның салдарынан бұл мал-мүлік жойылып немесе нашарлайтын

жағдайлар жиі кездеседі. АллаһТағала бір адамға әдемі келбет беріп, сосын біреудің нәпсісі соған құмарлықпен байланып, оған өзінің уланған назарларын жіберетін, әрі соның кесірінен адамның басына ауру-сырқат, күшсіздік және басқа да нәрселер түсетін жағдайларда аз емес. Біз әлдебір адамдардың аурухана төсегінде жатқаны, бірақ дәрігерлер оларға не болып жатқанын және олардың ауруын қалай емдеу керектігін түсінбейтін, өйткені медициналық зерттеулер науқастың толық сау екендігін көрсететініне таң қалатын жағдайлар да жиі кездесіп тұрады емес пе? Әрі осы сияқты құбылыстар көлік немесе басқа да мал-мүлікке қатысты да орын алып жатады.

Ендеше адам өзін көз тиюден қалай қорғай алады және оны қалай емдеу керек? Мұны Аллаһ Тағала үйреткендей және өзінің білімі мен сөздерін Аллаһ Тағала түсірген уахилардан алған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрсеткендей етіп жасау қажет.

Ең алдымен, сіз көз тиюді болдырмау үшін қам жеуіңіз керек. Одан өзіңізді әлдебір бойтұмарлармен немесе көзмоншақтармен, немесе қызыл шүбіректермен емес, Аллаһ Тағалаға тәуекел етумен және Одан намаз, дұғалар арқылы қорғау мен пана сұраумен, Аллаһ Тағаланы арнайы еске алу сөздерін (яғни зікірлерді) айту арқылы қорғану لازым. Таңертең және кешке айтылатын көптеген дұғалар мен зікірлер бар, әрі егер пенде Аллаһқа тәуекел етіп, осыларды жасаса, онда Аллаһ Тағала оны көз тиюден және басқа да жамандықтардан сақтайды. Бұған, мысалы, таңертең және кешке Құранның соңғы үш сүресін (яғни «әл-Ихләс», «әл-Фәләк» және «ән-Нәс» сүрелерін) үш реттен және «әл-Курси» аятын оқу, сондай-ақ кешке мына сөздерді оқу жатады:

أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ

**«Аллаһтың кәміл сөздеріне Ол жаратқан нәрселердің жамандығынан
сыйынамын»**

(хадисті Муслим, 2708 келтірген).

Ал біздің кезіміздегі адамдарға қарайтын болсаңыз, олардың көпшілігі осы ұлы әрі керемет құралға немқұрайлы қарайтынын және көз тиюден аман қалудың дұрыс тәсілдеріне мән бермейтінін байқауға болады.

Сонымен қатар, біз балаларымызды да Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге үйретіп кеткен арнайы сөздерін айту арқылы Аллаһтың қорғауына аманат етіп тапсыруымыз қажет. Сенімді-сахих хадистердің бірінде сүйікті Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің

Хасан мен Хусейн атты немерелеріне (Аллаһ ол екеуне разы болсын) мына сөздерді оқығандығы жайлы хабарланады:

أُعِيذُكُمَا بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّةِ، مِنْ كُلِّ شَيْطَانٍ وَهَامَّةٍ، وَمِنْ كُلِّ عَيْنٍ لَامَّةٍ

«Сен екеуіңді әрбір шайтаннан, ұлы жәндіктерден және әрбір жаман көзден

Аллаһтың кәміл сөздеріне тапсырамын!»

(хадисті әл-Бухари, 3371 жеткізген).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ибраһим пайғамбар да өзінің ұлдары Исмаил мен Исхаққа осы сөздерді оқығанын айтқан.

Жаман көзден сақтанудың тағы бір жолы – өзіне ұнамды бірдеңе көрген адамның Аллаһ Тағаладан ұнатқан нәрсесіне береке тілеп, дұға етуі. Яғни, егер сізге басқа біреудің қайсыбір нәрсесі ұнаса: «БаракаЛлаһу ләка фик» («Аллаһ саған бұда береке берсін!») немесе «Аллаһумма, барик ғаләйһ» («Уа Аллаһ! Оған береке жібер») деп айтыңыз. Бірде Ғамир ибн Робийға есімді бір кісі Сәһл ибн Хунайфқа барғанда ол шомылып жатқанын көріп: *«Мен мұндай әдемі тері көрмегенмін, тіпті жат көзден жасыратын жас қыздардың терісі де мұндай әдемі емес шығар!»*, - деген екен. Арада өте аз уақыт өтіп, Сәһл ибн Хунайф, яғни Ғамир ибн Рабиға оның терісіне сүйсінген адамның ауруы ұстап, ол жерге құлады. Адамдар оны Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып барды, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардан: *«Мұның осындай болуына кім себепші болды деп ойлайсыңдар?»*, - деп сұрады. Олар: *«Біз оған Ғамир ибн Рабиганың көзі тиді деп ойлаймыз»*, – деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Сендердің кейбіреуің неліктен өз бауырларын өлтіреді екен?! Егер біреуің өзінің мұмин бауырынан өзіне ұнайтын әлдебір нәрсені көрсе, ол үшін дұға етіп, Аллаһтан береке тілесін»*, - деді. Содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) су әкелуді бұйырды да, Ғамир ибн Рабиғаға, яғни Сәһлге көзі тиген адамға осы сумен жуынуды бұйырды. Ол осы сумен бетін, қолдарын шынтақтарына дейін, екі тізесін және киімінің (изарының) ішкі жағын жуды. Кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ғамир ибн Рабиганың денесінен және киімінен аққан суды науқастың үстіне құюды бұйырды. Хабарда бұл су Сәһлге оның арқа жағынан құйылғаны хабарланады. Осыдан кейін науқас өзіне келіп, ештеңе болмағандай орнынан тұрып кетті.

Бұл хадисте көзді емдеу жолдарының бірі туралы айтылады. Аллаһ қаласа, бұл хадистің түсіндірмесін келесі тарауда, көзге тиген кезде оны қалай емдеу керектігі туралы айтатын боламыз.

Адамдарға тек басқа адамдардың ғана емес, жындардың да көзі тиюі мүмкін. Жындар - бұл Аллаһтың біздің көздерімізге көрінбейтін жаратылыстары. Пайғамбарымыздың әйелі Умму Сәләма (Аллаһ оған разы болсын) бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның үйінде жүрген бір қызды көріп, оның түрінінің өзгергенін байқағанын хабарлаған. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сонда былай деген екен:

اسْتَرْقُوا لَهَا, فَإِنَّ بِهَا النَّظْرَةَ

«Оған дем салу дұғаларын (яғни әр-руқия) оқыңдар, өйткені оған көз тиген»

(хадисті әл-Бухари, 5739 және Мұслим, 2197 жеткізген).

Ұлы ғұлама, имам әл-Бағауи былай деген: *«Яғни оған жындардың көзі тиген болатын. Жындардың көздері найзадан да өткір болады».*

Адам киімін ауыстыру, әжетін өтеу кезінде немесе басқа жағдайларда ұятты жерлерін жалаңаштайтын сәттерде жындар тарапынан жаман көз тию қауіпіне ұшырайды. Сондықтан Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарды Аллаһтың есімін тілге алу арқылы жындардың көзінен қорғануға үндейтін. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

سَتْرُ مَا بَيْنَ أَعْيُنِ الْجِنَّ وَعَوْرَاتِ بَنِي آدَمَ, إِذَا دَخَلَ أَحَدُهُمُ الْخَلَاءَ, أَنْ يَقُولَ: بِسْمِ

اللَّهِ

«Жындардың көздері мен адам баласының ұят жерлерінің арасындағы бөгет – сендердің әлдебіреуің дәретханаға кіргенде (немесе киімін шешкенде) «Бисмилләһ»

(«Аллаһтың атымен!») сөздерін айтуы»

(хадисті әт-Тирмизи, 606 келтірген. Әл-Әлбани «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» еңбегінде оны жақсы деп атаған, 3610).

Жаман көзге ұшырау қауіпі бар адамдар, денсаулығы мықты немесе сұлулығымен ерекшеленетін адамдар (көбінесе әйелдер) жаман көз тиюден ерекше абай болулары қажет. Олар Ислам діні үйреткен және біз жоғарыда нұсқаған көз тиюден қорғайтын себептерді қолданулары керек. Олар мүмкіндігінше көреалмаушылығы бар адамдардың көздеріне түспеуге тырысуы қажет. Кейбір әйелдер өздерінің сұлулығын немесе қыздарының сұлулығын,

әсіресе кейбір мерекелер мен іс-шараларда паш етіп көрсетеді де, содан кейін бұл қайғылы салдарға әкеледі.

Ал кімде-кім өзі жайлы «көзім жаман» деп ойласа, Аллаһтан қорқып, басқаларға көз тигізбеуге тырысуы қажет. Оған Аллаһты жиі зікір етіп, адамдар үшін дұға қылып, оларға «Барака-Ллаһу ғаләйк» сөздерімен жақсылық пен береке тілеуі қажет. Адамдардан, Аллаһтың оларға беріп жатқан жақсылықтарын қызғанбауы және оларды күндемеуі қажет. Адамдарға көреалмаушылық жасайтын адам, сонысы арқылы Аллаһ Тағалаға наразылық танытқан болады әрі Оның қалауына қарсы келеді. Ол: «Уа Аллаһ! Неліктен бұл адамға осындай жақсылық жасадың? Сен оған мұны бермеуің керек еді!», - дегендей болады. Ал кімде-кім өзін осылай ұстаса, сол анық шығынға ұшырайды. Күншіл адам жаман көзімен өзгеге зиянын тигізуімен қатар, өзін де азаптайды. Оның жаны үнемі қиналып, қынжылып, қысылып, тынышсыз болып, қайғыда жүреді.

Көз тиюді емдеу

Сонымен, егер адамға көз тиіп қойған болса оны қалай емдеу керек?

1. Ең бірінші және негізгі ем – Аллаһқа шынайы әрі ықыласты түрде дұға ету. Аллаһ Тағаланың есімдерінің бірі – шипа беруші дегенді білдіретін «эш-Шәфи» деген есімі. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге үйреткен дұғаларының бірі:

اللَّهُمَّ رَبَّ النَّاسِ، اذْهَبِ الْبَاسَ، اشْفِهِ وَأَنْتَ الشَّافِي، لَا شِفَاءَ إِلَّا شِفَاؤُكَ، شِفَاءَ لَا

يُغَادِرُ سَقَمًا

«Уа Аллаһ, адамдардың Раббысы! Ауруды кетір, шипа бере гөр, өйткені Сен – шипа берушісің, Сенің шипаңнан басқа шипа жоқ. Ізінен ешбір ауру

қалмайтындай шипа бере гөр!»

(хадисті әл-Бухари, 5743, Муслим, 2191 жеткізген).

2. Жаман көзді емдеудің келесі әдісі біз осыдан алдыңғы кездесуімізде айтып өткен хадисте айтылған. Бұл хадисте Сәһл ибн Хунайфқа Ғамир ибн Рабиға есімді бір адамның көзі тигені, содан кейін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) су әкелуді бұйырғаны және Ғамир ибн Рабиғаға осы сумен жуынуды бұйырғаны туралы айтылған болатын. Ол бетін, екі қолын шынтағына дейін, тізесін және киімінің (изарының) ішін жуды. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ғамир ибн Рабиғаның денесінен және киімінен аққан суды Сәһлдің үстінен құюды бұйырды, әрі

осы су оның арқа жағынан құйылған деп айтылады. Осыдан кейін науқас есін жиып, ештеңе болмағандай орнынан тұрып кетті.

Ендеше, бұл емдеу әдісі әлдебіреуге көзі тиген адамнан дәрет алуды немесе бетін, екі қолдарын шынтаққа дейін және аяқтарын тізеге дейін, сондай-ақ оның киімінің ішін, әсіресе жамбас терісіне жақын жерлерін жууды сұрау керек. Содан кейін оның денесі мен киімін жуғаннан аққан суды жаман көзден зардап шеккен адамның үстінен, арқа жағынан құю қажет.

Айта кететін жайт, көзі тиді деп күдікке алынған адам бұған ренжімеуі және ашуланбай, одан сұралған осы нәрселерді орындаудан бас тартпауы керек. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп бұйырған екен:

وَإِذَا اسْتُغْسِلْتُمْ، فَاغْسِلُوا

«Егер сендерден жуыну талап етілсе, жуыныңдар»

(хадисті Мұслим, 2188 жеткізген).

3. Жаман көз тигеннен кейін оны емдеудің үшінші, маңызды жолы – таза шариятпен рұқсат етілген дұғалар мен дем салу сөздерін (рукия) оқу. Оларды адам өзіне өзі немесе мұсылмандардың бірі оның үстінен оқи алады. Бұл Құран мен Сүннетте келген дұғалар мен дем салулар. Бұған «әл-Фатиха» сүресін, «әл-Курси» аятын, Құранның соңғы екі – «әл-Фәләқ» пен «ән-Нәс» сүрелерін оқу кіреді. Бұл екі, яғни «әл-Фәләқ» және «ән-Нәс» сүрелері арқылы Жәбірейіл мен Микаил періштелер Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) емдегені туралы сенімді (сахих) хадистерде жеткізіледі. Ал Құран – бұл рухани және тән дертіне шипа екені бұлтартпас ақиқат.

Сүннетте келген дұғаларды да оқу керек. Мысалы, сахих хадистердің бірінде бірде Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбірейіл періште келіп: «*Уа Мұхаммад, ауырып қалдың ба?*», - деп сұрағаны баяндалған. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Иә*», - деп жауап берді, содан кейін Жәбірейіл оған:

بِسْمِ اللَّهِ أَرْقِيكَ، مِنْ كُلِّ شَيْءٍ يُؤْذِيكَ، مِنْ شَرِّ كُلِّ نَفْسٍ أَوْ عَيْنٍ حَاسِدٍ، اللَّهُ يَشْفِيكَ،

بِسْمِ اللَّهِ أَرْقِيكَ

«Саған зәбір әкелетін барлық нәрседен, кез келген пенденің жамандығынан және көреалмаушы адамның көзінен Аллаһтың атымен руқия жасаймын (дем саламын)! Аллаһ саған шипа берсін, саған Аллаһтың атымен дем салып руқия жасаймын!», - деп дем салған.

(хадисті Мұслим, 2186; әт-Тирмизи, 972 келтірген).

Осы дұғалар және дем салу сөздерімен емделуге тырысқан адам Жаратушының қалауымен олардың тиімділігіне көз жеткізеді және олардың өте қажетті екенін түсінеді. Олар, Аллаһ Тағаланың рұқсатымен, жаман көздің алдын алады, ал егер ол адамға тиген болса болса, оның оның зардаптарынан құтылуға көмектеседі. Адамның бұл дұғалар мен дем салу сөздерінен қандай пайда көретіні оның иманы мен сенімінің дәрежесіне, Аллаһқа деген тәуекелі мен үмітінің дәрежесіне, рухының күші мен дайындығына байланысты болады. Бұл дұғалар мен дем салу сөздері көзге қарсы қару болып табылады, ал қарудың күші, өздеріңіз білетіндей, кімнің қолында екеніне де байланысты.

Көптеген адамдар дем салдырып, руқия оқыту үшін кімге жүгініп жатқандарын таңдамай және қарамай, олардың наным-сенімдерін (яғни ақидасын), дінін, қаншалықты тақуа екендігін, Құран мен Сүннеттен шариғи білімі қаншалықты екендігін білмей, белгісіз адамдарға барып жатады. Құран мен Сүннетті білетін және оларды бекем ұстанатын, бірқұдайшыл, Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпейтін адам әлдебіреуге руқия оқытатын (яғни өзіне дем салғызатын) болса да, ол тек Құран аяттары мен Пайғамбардың сүннетіндегі дұғаларды оқытын адамдарға ғана жүгінуі қажет. Ал осы күндегі адамдар соларға баратындардың көбісі – бұл жындармен (шайтандармен) байланыс жасайтын, соларға құрбандық шалатын сиқыршылар, көріпкелдер немесе сәуегейлер. Мұсылман адам ешбір жағдайда оларға жүгінбеуі керек, өйткені бұл өте ауыр күнә және мұндайды істеген адам күпірлік пен көпқұдайшылыққа түсіп, мұсылмандықтан шығып кету қаупі бар. Адамдар баратын осы сиқыршы, бақсылар, сыбырлап дем салушылардың көбі өздеріне ем сұрап келген адамдарға әр түрлі тыйым салынған нәрселерді, яғни Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген Ислам діні мен оның сүннетіне сәйкес келмейтін нәрселерді жасауға бұйрық береді. Көбінесе олар көпқұдайшыл-мүшріктердің амалдарын орындауды, мысалы, жындарға құрбандық шалып, соларға арнап мал (тауық немесе қошқар) союды, сосын олардың қанын әр жерге төгуді немесе осы қанды өздерінің үстіне жағуды бұйырады. Аллаһ бізді мұндай күпірліктен сақтасын!

Кейбір адамдар өздерін көріпкел, балгер деп атайтын, ниет-пиғылы жаман, іс жүзінде ешкімге көмектесе алмайтын, керісінше зиян келтіретін дүмшелерге барады. Дұғалар мен руқия-дем салуды оқу арқылы сауығып кеткісі келетін адам өте абай болуы және осы үшін дұрыс адамға жүгінгеніне көз жеткізуі керек. Ислам мына келесі бес шарт орындалған дем салуды ғана рұқсат береді:

1. Онда оқылатын дұғалар мен дем салулар Құран мен Сүннеттен (яғни Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың айтқан хадистерінен) алынған болуы қажет.

2. Олар анық араб тілінде немесе науқасқа түсінікті тілде айтылуы қажет. Бұл түсініксіз күбірлеу, сыбырлау, күңкілдеу, айқайлау болмауы қажет.

3. Науқас бұл дем салудың Аллаһ қалауымен ғана көмектесе алатына, өйткені бұл Аллаһ Тағала белгілеген себеп қана екені әрі олардың өздігінше ешқандай әсері де, пайдасы да жоқ екеніне нық сенімді болуы керек. Яғни бұл дұғалар мен дем салулар Жаратушы қаласа ғана әсер етеді.

4. Жүрекпен Жалғыз Аллаһқа ғана сүйеніп, Оған тәуекел ету қажет. Тағдырыңызды Раббымызға тапсырыңыз, жалғыз Оған ғана сенім артыңыз. Қараңызшы, Яғқуб пайғамбар өзінің ұлдарына адамдардың көздеріне түспеу және олардың назарларын өздеріне қаратпау үшін, бір қақпадан кіруге тыйым салғаннан кейін оларға, Құранда нұсқалғандай, былай деген еді:

وَمَا أُغْنِي عَنْكُمْ مِنَ اللَّهِ مِنْ شَيْءٍ ۖ إِنَّ الْحُكْمَ إِلَّا لِلَّهِ ۖ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ ۖ وَعَلَيْهِ
فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُتَوَكِّلُونَ

Мен сендерден Аллаһтың (қалауына) қарсы еш нәрсеге көмектесе алмаймын. Үкім тек Аллаһқа ғана тән. Мен жалғыз Оған тәуекел еттім. Әрі тәуекел етушілер Оған ғана тәуекел етсін»

(«Юсуф» сүресі, 67-аят).

Яғқубтың сөздері: «Сендерге берер кеңесім, уа балаларым: қалаға әртүрлі қақпалардан кіріңдер, бұл - жаман көзден сақтану үшін тек себеп қана, бірақ барлық нәрсе тек Аллаһқа ғана тәуелді және сендер Оған ғана тәуекел етулерің керек», - дегенді білдіреді.

5. Жаман көзден қорғану және одан емделудің барлық құралдары тек Аллаһтың айтқан сөздеріне және Оның Елшісінің хабарына сенетіндерге ғана

көмектеседі. Күмәнданатындар мен екіленіп, қобалжитындар дұғаларды оқудан және руқиямен емделуден сирек пайда көреді.

Жаман көзді емдеп, одан қорғануды тек Аллаһтың бізге көрсеткен және рұқсат еткен жолдармен ғана мүмкін және қажет екенін әсет естен жығармау керек. Тұмар, бойтұмар, бақсы-балгерлерге бару және басқа да тәсілдер пайда әкелмейді және көмектеспейді. Ал адамның жазылуы осы тыйым салынған нәрселерді қолдануымен сәйкес келетін болса да, бұл бәрібір сіз үшін үзір емес. Бұл Жаратушы тарапынан сізге қосымша сынақ және тексеріс, өйткені оларға жүгіну – үлкен күнә және Құдіретті Жаратушыға мойынсұнбау болып табылады. Демек, мұндай амалдарға жүгіну арқылы сіз Жаратушының разылығынан айырылып, өзіңіз үшін Оның қаһары мен жазасына ұшырау қаупін тудырасыз.

Жаман көзден сақтану үшін бойтұмар мен көз моншақтар, тағы да сол сияқты нәрселерді тағып алуға келетін болсақ, бұны мүлде жасауға болмайды, өйткені мұсылман адам тасқа, моншаққа, әйнектерге емес, Жаратушыға тәуекел етіп арқа сүеуі керек, жүрегін әлдебір тұмаршаларға емес, Аллаһтың жәрдеміне байлауы қажет. Тұмарлардың жаман көзден қорғай алатыны - бұл бос сандырақ және ырымшылдық.

Өзін мұсылман санайтын адамдардың (яғни Құдіретті Жаратушыға ғана құлшылық ететін адамдардың) көліктерінде немесе жұмыс орындарында неше түрлі көздерді, тырнақтарды, тағаларды, моншақтарды және басқа да сол сияқты нәрселерді көргенде таң қаласың. Бұл нәрселер сізге әлсіздік, осалдық және Аллаһтың ашуынан басқа ештеңе қоспайды. Аллаһтың қалауын бізге жеткізген Оның ең пәк Елшісі Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) не айтқанына қараңыз. Ол былай деген:

مَنْ تَعَلَّقَ تَمِيمَةً، فَلَا أَتَمَّ اللَّهُ لَهُ، وَمَنْ تَعَلَّقَ وَدْعَةً، فَلَا وَدَعَ اللَّهُ لَهُ

«Кімде-кім өзіне тұмар іліп қойса, Аллаһ оған жақсы нәтиже бермесін, ал кімде-кім өзіне қабыршақ ілсе, Аллаһ оны тыныштығынан айырсын»

(хадисті Ахмад келтірген, 17440; Шуғайб әл-Арнаут оны жақсы деп атаған).

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деген:

مَنْ عَلَّقَ تَمِيمَةً فَقَدْ أَشْرَكَ

«Кімде-кім өзіне тұмар ілсе, сол Аллаһқа серік қосты (үлкен ширк жасады)»

(хадисті Ахмад, 17422 келтірген; әл-Әлбани «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» кітабында оны сенімді деп атаған, 6394).

Ол былай деген:

إِنَّ الرُّقَىٰ، وَالتَّمَائِمَ، وَالتَّوَلَّةَ شِرْكٌ

«Расында, бақсылық дем салу, әр түрлі тұмарлар мен сиқыршылық – көпқұдайшылық»

(хадисті Ахмад, 3615, Ибн Мәжаһ, 3530 келтірген. Әл-Әлбани «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» кітабында хадисті сенімді деп атаған, 1632).

Ақырында ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ تَعَلَّقَ شَيْئًا وَكِلَإٍ إِلَيْهِ

«Кім өзіне алдебір нәрсені іліп қойса, соған тапсырылады»

(хадисті Ахмад, 18781; әт-Тирмизи. 2072 келтірген. Әл-Әлбани хадисті «Сахих әт-тарғиб уә-т-тархиб» кітабында сенімді деп атаған, 3456).

Аллаһ сені Өзінің қорғауы мен қамқорлығынан айырып, шыны, тас, моншақ немесе соған ұқсас бос нәрселерге тапсырғанын қалайсыз ба?!

Аллаһ біздің бәрімізді бұдан сақтасын!

Әрі сөзіміздің соңында өзіме де сіздерге де Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына өсиетін еске салғым келеді:

احْفَظِ اللَّهَ يَحْفَظْكَ، احْفَظِ اللَّهَ تَجِدَهُ تُجَاهَكَ، وَإِذَا سَأَلْتَ، فَاسْأَلِ اللَّهَ، وَإِذَا اسْتَعَنْتَ،

فَاسْتَعِنْ بِاللَّهِ عَزَّ وَجَلَّ، وَاعْلَمْ أَنَّ الْأُمَّةَ إِنِ اجْتَمَعُوا عَلَى أَنْ يَنْفَعُوكَ، لَمْ يَنْفَعُوكَ إِلَّا

بِشَيْءٍ كَتَبَ اللَّهُ لَكَ، وَلَوْ اجْتَمَعُوا عَلَى أَنْ يَضُرُّوكَ، لَمْ يَضُرُّوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ كَتَبَهُ اللَّهُ تَعَالَى

لَكَ

«Аллаһты (есіңде) сақта, сонда Ол сені сақтайды, Аллаһты (есіңде) сақта, сонда сен Оны алдыңнан табасың. Сұрасаң, Аллаһтан сұра, көмек сұрап жүгінсең, Аллаһқа ғана жүгін, және біл, егер барлық адамдар сен үшін бір пайдалы іс істеу үшін жиналса, олар саған Аллаһтың жазғанындай ғана пайда береді. Олардың барлығы саған зиян келтіру үшін жиналса, олар саған Аллаһтың жазғанындай ғана зиян келтіреді!»

(хадисті әт-Тирмизи, 2516; Ахмад, 2669, 2803 келтірген; әл-Әлбани «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» кітабында хадисті сенімді деп атаған, 7957).

Аса Жоғары Аллаһ Тағаладан Оның барлық көркем есімдері мен кемел сипаттары арқылы бізді бүкіл жамандықтардан қорғап, Өзінің Пайғамбарының Сыратуль-мустақим болған жолымен жүргізуін сұраймыз.

**Қазақ тіліне аударған шейх Хайсам Сархан
басшылығындағы «Сунна» колледжі**